

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігі
медициналық және
фармацевтикалық қызметті
бақылау комитеті Төрағасының
20 ___ жылғы “ ___ ” _____
№ ___ бұйрығымен
БЕКІТІЛГЕН

**Дәрілік заттың медицинада қолданылуы
жөніндегі нұсқаулық**

Алергозол-DF®

Саудалық атауы
Алергозол-DF®

Халықаралық патенттелмеген атауы
Жоқ

Дәрілік түрі
0,03 % және 0,06 % көз және мұрын тамшы дәрісі, 10 мл

Құрамы

10 мл препараттың құрамында	0,03 %	0,06 %
<i>белсенді заттар:</i> нафазолин нитраты -	3,0 мг	6,0 мг,
дифенгидрамин гидрохлориді -	5,0 мг	10,0 мг
<i>қосымша заттар:</i> бор қышқылы, инъекцияға арналған су.		

Сипаттамасы

Мөлдір, түссіз немесе аздап сарғыш түсті сұйықтық.

Фармакотерапиялық тобы

Антиконгестанттар және жергілікті қолдану үшін мұрынға арналған басқа да препараттар. Басқа да препараттармен біріктірілген нафазолин.
АТХ коды R01AB02

Фармакологиялық қасиеттері

Фармакокинетикасы

Алергозол-DF® препаратының белсенді заттары жергілікті қолданғанда жүйелі қан ағымына сіңуі және резорбциялық әсер етуі мүмкін.
Препаратты тамызғаннан кейін 5 минуттан соң емдік әсер байқалады да, 6 сағатқа дейін жалғасады, препаратты жиі қолданғанда әсер ету ұзақтығы 4 сағатқа дейін қысқаруы мүмкін.

Фармакодинамикасы

Алергозол-DF[®] құрамында нафазолин және димедрол болғандықтан аллергияға қарсы және тамырларды тарылтқыш әсер етеді. Препараттың құрамына кіретін димедрол (дифенгидрамин) - гистаминді H₁-рецепторлардың бөгейіші. H₁-бөгейіш белсенділігі бар, гистамин туындататын тегіс бұлшықеттердің түйілуін, қылтамырлардың өткізгіштігінің жоғарылауын, тіндердің ісінуін, қышуын, гиперемияны азайтады немесе оның алдын алады.

Нафазолин шырышты қабықтардың тамырларына жылдам, ұзақ уақыт бойы тамыр тарылтқыш әсер етеді (ісінуді, гиперемияны, экссудацияны азайтады). Нафазолин мұрын ішіне қолданғанда ринит кезіндегі мұрынмен тыныстаудың жеңілдеуіне ықпал етеді. Мұрынның қосалқы қойнауларының шығару арналарының ашылуына және кеңеюіне әрі Евстахийев түтіктерінің босауына ықпал етеді. Бұл секреттің ағып шығуына ықпал етіп, бактериялардың мұрын шырышында жинақталуына жол бермейді.

Қолданылуы

- маусымдық аллергиялық конъюнктивиттің асқынуында
- жыл бойғы аллергиялық конъюнктивиттің асқынуында
- жанаспалы линзаларды қолданғанда конъюнктиваның тітіркенуінде
- сыртқы факторлардың (оның ішінде күн сәулесі, шылым түтіні, жүзу бассейндегі су) әсерінен конъюнктиваның тітіркенуінде
- жедел ринитте
- аллергиялық риносинуситте
- аллергиялық вазомоторлы ринитте

Қолдану тәсілі және дозалары

Ринит кезінде ересектерге 0,06% әрбір мұрын қуысына 2-3 тамшыдан күніне 3 рет;

Балаларға арналған 0,03% тамшылар:

- 2-ден 6 жасқа дейінгілерге - күніне 1-2 рет әрбір мұрын қуысына 1-2 тамшыдан;
- 6-дан 15 жасқа дейінгілерге – күніне 3 рет әрбір мұрын қуысына 2 тамшыдан;

Емдеу курсы 5-6 күн.

Конъюнктивиттерде

Ересектерге 0,06 % тамшылар: жедел құбылыстарда – көздің ісіну және тітіркенуін азайту үшін конъюнктивальді қапшыққа 1 тамшыдан әр 3 сағат сайын, содан соң клиникалық белгілер жойылғанға дейін 1 тамшыдан тәулігіне 2-3 рет. 2 жастан асқан балаларға 0,03 % тәулігіне 1-2 тамшыдан тағайындайды. 5 күннен артық қолдануға болмайды. Конъюнктива тітіркенуінің белгілері 72 сағаттан артық сақталғанда препаратты қолдануды тоқтату керек.

Тамызу кезінде тамшылатқыш-құты ұшының басқа заттармен немесе беткейлермен жанаспауын қадағалау керек.

Тамызғаннан кейін тамшылатқыш-құтыны қалпақшасымен тығыздап жабу керек!

Жағымсыз әсерлері

- тамызғаннан кейінгі алғашқы секундтарда жылдам өтетін шымылдау болуы мүмкін
- көрудің бұзылуы
- бас ауыруы
- көзішілік қысымның жоғарлауы
- мидриаз
- көздің ауыруы
- мұрынның шырышты қабығының құрғауы
- 1 аптадан асыра қолданған кезде - шырышты қабығының ісінуі, атрофиялық ринит

Қолдануға болмайтын жағдайлар

- препараттың қандай да бір компоненттеріне жоғарғы сезімталдық
- конъюнктивит ксерозы (құрғақ кератоконъюнктивит, Сьегрен синдромы)
- жабықбұрышты глаукома
- артериялық гипертония, тахикардия, айқын атеросклероз
- қант диабеті
- қуық асты безінің гипертрофиясы
- гипертиреоз
- моноаминоксидаза тежегіштерін бір мезгілде қолдану және оларды қолдану аяқталғаннан кейін 14 күндік мерзім
- 2 жасқа дейінгі балалар (0,03%)

Дәрілермен өзара әрекеттесуі

Үшциклді антидепрессанттармен бір мезгілде қолданғанда нафазолиннің тамыр тарылтқыш әсері күшеюі мүмкін. Нафазолинді моноаминоксидаза тежегіштерімен бір мезгілде және оны тоқтатқаннан кейін 14 күн бойы қолдану гипертониялық кризді туғызуы мүмкін.

Препарат жергілікті жансыздандыратын заттардың сіңуін баяулатады (беткейлік анестезия жүргізген кезде олардың әсерін ұзартады).

Айрықша нұсқаулары

Препаратты қолданған кезде жұмсақ жанаспалы линзаларды тағуға болмайды.

Көз тамшы дәрісін тамызудың алдында қатты жанаспалы линзаларды шешу керек, оларды қайтадан препаратты тамызғаннан кейін кем дегенде 15-20 минут өткеннен кейін ғана тағуға болады.

Жүктілік және лактация кезеңі

Препаратты жүктілік және лактация кезеңінде анаға деген пайда бала және ұрыққа болуы мүмкін қауіптен асатын болса ғана қолдануға болады.

Дәрілік заттың көлік құралдарын және қауіпті механизмдерді басқару қабілетіне әсер ету ерекшеліктері

Препараттың жағымсыз әсерлерін ескере отырып, көлік құралдарын немесе қауіпті механизмдерді басқарғанда сақ болу керек.

Артық дозалануы

Белгілері: тері жабындарының бозаруы, тахикардия, жүрек тұсының ауыруы, артериялық қысымның көтерілуі, тер бөлінудің күшеюі, дірілдеу, бас ауыруы, қозу, жүрек айнуы, ұйқышылдық, бас айналуы, ұзақ мидриаз.

Емі: препаратты қолдануды тоқтату, аурудың белгілеріне қарай ем жүргізу.

Шығарылу түрі және қаптамасы

10 мл препараттан алғаш ашылуы бақыланатын қалпақшалармен тығындалған пластик тамшылатқыш-құтыларда. Бір құтыдан медицинада қолданылуы жөніндегі мемлекеттік және орыс тілдеріндегі нұсқаулықпен бірге картон пәшкеге салынады.

Сақтау шарттары

Жарықтан қорғалған жерде, 25°C-ден аспайтын температурада сақтау керек.

Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау керек!

Сақтау мерзімі

3 жыл

Құты ашылғаннан кейінгі препараттың қолданылу кезеңі 15 тәулік.

Жарамдылық мерзімі өткеннен кейін қолдануға болмайды!

Дәріханалардан босатылу шарттары

Рецептсіз

Өндіруші

«DOSFARM» ЖШС, Қазақстан, 050034, Алматы қ-сы, Чаплыгин к-сі, 3, тел.: (727) 253-03-08

Тіркеу куәлігінің иесі

«DOSFARM» ЖШС, Қазақстан

Тұтынушылардан өнім сапасы туралы түскен шағымдарды Қазақстан Республикасы аумағында қабылдайтын ұйымның мекенжайы

«DOSFARM» ЖШС, Қазақстан, 050034, Алматы қ-сы, Чаплыгин к-сі, 3, тел./факс: (727) 253-07-07, 253-03-88, электронды поштасы: dosfarm@dosfarm.kz